

Т.М.САДЫКОВА

Т.М.САДЫКОВА
ҚАЗАҚ МЕНТАЛИТЕТІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ
МЕНТАЛЬДЫ АСТАРЫ

In this article the mental aspects of ecological problems of Kazakh mentality are considered. Mental aspects of ecological problems in the national Kazakh mentality are analyzed as a healing our society. Impotence of dividing «mental» and «mentality» definitions are considered comprehensively from the point of view methodology.

Қазақ менталитетіндегі экологиялық мәселелердің ментальды астарын саралау бізге қазақ тарихындағы уақыттық және кеңістіктік тұрғыдағы оқиғаларды қарастыруға үндейді. Жалпы, ұлттық менталитеттің қалыптасуындағы түрлі шешуші факторлар арасындағы экологиялық мәселелердің алар орыны әу бастағы маңыздылығымен бірге, XX ғасыр мен XXI ғасырда ғаламдық ауқымда туындап отырған экологиялық дағдарыс аясында тіпті ерекше маңызға ие болады. Біздің заманымызда қазіргі батыстық өркениет өзінің түпкі менталитетіндегі табиғи бастаулардан ажырап қалып, қазір соны жанталаса іздеу үстінде. Осы аралықта ғылым салалары мен ғалымдардың өзара дау-дамайға айналдырған кінәласуы да өршіп отырған жайы бар. Шетелдік әріптестерімізбен салыстырғанда, отандық философия және экологиялық этика ғылымында мұндай дау-дамайлық пікірталас әлі толық бетпердесін аша қойған жоқ. Бұған бірінші себепті қазақ философиясы ғылымының кенже қалуынан емес, керісінше, біздегі ұлттық менталитеттің өзінің табиғи бастауларынан оқшаулана қоймағанынан, әлі де болса, табиғи жадымыздың былғана қоймағанынан іздеуіміз керек сынды. Біздің ғылымдағы ізденістер қазір менталитет ұғымының нақты ұлттық қалыптағы анықтауыштары мен осы ұғымның қазақшалануы турасында өрбіп отыр. Бұл туралы жекелеген ғалымдардың «менталитетті» «діл» деген сөзбен алмастыру, солай деп тәржімалау керектігі жайындағы пікірталастарын айтсақ та жетеді. Ал, жалпы алғанда, қазақстандық ғылыми ортада «менталитет» пен «ментальдық» ұғымы туралы нақты бірізді ғылыми ізденістер толыққанды шешімін таппай отырғанын да айта кетуіміз керек. Бұл туралы, қазақ менталитеті туралы, оның герменевтикалық тұрғыдан зерттелуі қажеттігін баса айтқан, сол арқылы менталитетті зерттеуде іргелі еңбек жазған Т.К.Бурбаевтың мына бір пікірін келтірелік: «Методологиялық тұрғыдан «менталитет» пен «ментальдық» ұғымдарын ажыратудың маңызы зор. Бір айта кетер жай, қазіргі философиялық әдебиеттерде бұл екі ұғым бір-бірінен ажыратылмаған. Олар кейде өзара тең ұғымдар ретінде немесе бір мағына беретін ұғымдар түрінде қарастырылады. Сондықтан да, бұл екі ұғымды бір-бірінен терминологиялық тұрғыдан ажырату қазіргі әдебиетте пікір сайыс көзі болуда...» [1,34] дейді ғалым.

Сондай-ақ, ол ментальдық пен менталитеттің қолданбалылығы турасында да тың пікір келтіреді:

«Біздің ойымызша, ментальдық күнделікті өмірдегі адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінде, ойлау бейнесінде, құндылықтарға деген қатынастарында нақты көрінетін бір қыры. Біз күнделікті тіршілікте менталитеттен бұрын ментальдық құбылыстармен жиі кездесеміз. Ментальдық құбылыстар адам мінез-құлқы мен іс-әрекетінің сыртқы көрінісі болса, менталитет ішкі құрылысы, тереңде жатқан дүние. Менталитет теориялық мәселе болса, ментальдық практикалық мәселе» [1,35]. Соған сайғанда, адамның рефлекторлық дәрежедегі күнделікті тұрмыстық әрекеті ментальдық деңгейдегі қарым-қатынас бастауы болса, тарихи маңызы бар оқиғалар менталитет оянуы, менталитеттің бас көтеруі салдарынан болатын тәрізді. Шындығында, қазақ күнделікті тұрмыстағы қолданбалы іс-әрекеттерін «күйкі тірлік» деп атап, тұрмысының үйреншікті қалпына баса маңыз бермеген. Сөйте тұра, жаңалыққа құштарлығы арқасында әр елеулі оқиғаға қатысты өз көзқарасы мен ұстанымынан ауытқымаған. Бұл енді ментальдықтың емес, менталитеттің көрініс табуы болса керек. Жалпы алғанда, тарихи уақыттың белгілі бір дәрежеде жиынтықталып, сандық құндылықтар сапалық құндылықтарға ауысар сәтінде ментальдық категориялар жиналып, менталитеттің архетиптері мен стереотиптерін құрайтын тәрізді. Басқаша, мысалмен айтар болсақ, қазақтың жекелеген ғұрыптары мен салт-дәстүрінің күнделікті тұрмыстағы қолданбалы ырым-жоралғылары, тыйымдары тұтаса келе, өзінің онтологиялық негізін, астарын айқындай келе менталитетті құрайтын құрамдас бөліктер, «шикізат базасы» болатын тәрізді.

Осылай ойлау арқылы біз, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі ментальдықтың көптеген көріністерін қазақтың табиғатқа қатысты тыйым сөздері мен белгілі бір шарттар арқылы істелетін ғұрыптық фольклордан, кей реттерде рефлекторлық деңгейге өзгерген бейсаналық әрекеттерінен байқай аламыз.

Жалпы алғанда, кез келген ұлттың ғасырлар бойы сақтап келе жатқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері белгілі бір деңгейде табиғи ортаға бейімделуінен туындаған құбылыс болмақшы. Мысалы, шетсіз-шексіз Сахара шөлінде өмір сүретін тайпалар немесе араб бәдәуилері басына дағарадай сәлде тартып, қымтанып жүрмесе және осы киімдерін өздерінің ұлттық киімі ретінде қабылдасамаса, табиғат күшін еуропалықтардың киім-кешегімен жеңе алмас еді. Көшпелілер дала дәстүрін ұмытып, кез келген тыйымының шарттарын дұрыс орындамаса, дүлей табиғат күші алдында қателік жіберіп, жазаға ұшырап еді.

Шын мәнісінде, қазақ тыйымдары табу дәрежесінде терең астарлы мағынаға ие. Мәселен, қазақ «Бақанды аттама» деп, киіз үйдің шаңырағын көтеріп тұратын бақанды аттауға тыйым салады. Сонымен бірге, бақанның отын ретінде шабылып кетуін жаман ырымға балайды. Бұл тыйым мен ырымды «шаңырақты көтеріп тұратын бақан отын болса, шаңырағым ортасына түсе ме» деген примитивті үрейдің белгісі ғой деп айта салсақ, тым қарабайырлыққа ұрынған болар едік. Бұл тыйымның астарында тұтас дүниетанымдық көзқарастар тізбегі жатыр. Мәселен, қазақтың бақаны өз кезегінде «Ғаламдық ағаш», мифологиялық ағаш – бәйтеректің тұрмыстық символы болып табылады. Киіз үйдің өзін әлемнің кіші макет-қалпы, формасы түрінде жасап, қабылдайтын көшпелі жұрт бәйтеректі ерекше қадір тұтқан. Бұл қастерлеудің түп-тамыры сонау ерте замандарда – адам баласы әлі жан-жануарларды қолға үйрете қоймаған, табиғат аясынан мүлде бөлінбеген терімшілік дәуірде жатыр. Мұны тарих, этнография ғылымдары дәйекті түрде дәлелдеген болатын. Қазақтың өз шаңырағын, үйін қастерлеуі осындай ментальді құбылыс тудырған. Қазіргі ұрпақ бұл байланысты ұмытып барады. Тек жасы егде тартқан қариялар мен ауылдық жерде киіз үйді әредік тұтынатын жұртшылық болмаса, қала қазағы бақанның қадірі тұрмақ, не екенін де білмейтіні белгілі ғой. Бұл ментальды астар бейсаналық қалыпта қала тұрғындарының кейбір іс-әрекеттерінде кездесіп қалуы мүмкін. Бірақ, онда да менталитеттің архетиптері сақталмаған қоғамда бұл күрделі болмақ.

Қазіргі қалалық болсын, далалық болсын, қазақтың ортақ ментальды түсінігі олардың өсімдіктер дүниесіне көзқарасынан аңғарылады. Онда да, қазақтың дәстүрлі тыйымдарының аясында емес, осы түсінікке сәйкес келетін шеңберде. Қазақтың «Көкті жұлма» дейтін тыйымы тура мағынасында үлкен экологиялық көзқарасты білдіреді. Себебі, ол – көк шөп – малының азығы, табиғаттың көркі. Ал, қазір Қазақстанға алыс-жақын шетелдерден келіп, түрлі қорлар ашып, біздің жұртшылықты экологиялық сауаттылыққа үндеп, соған «тәрбиелеп» жүрген ұйымдар қазақ халқының осы ұғым-түсініктерінен аз да болса, хабардар болса, өз жұмыстарына іргелі демеу таба алар еді.

Қазақы тыйымдардың тағы бір парасы Жерге қатысты айтылады. Мысалға, жерді шұқыма, орынсыз қазба, жер томпайтпа т.б. Бұл да жерге деген құрмет, оның құдіреттілігін мойындау болып табылады [1,235]. Белгілі ғалым-философ К.Нұрланова қазақ менталитетіндегі жер мәселесіне байланысты былай дейді: «қазақтың дәстүрлі мәдениетінде «адам-жер-әлем» қатынастары арқылы адамдардың табиғатқа, адамдардың әлемге, адамдардың өмірге деген ерекше де өзгеше қатынасы бейнеленген. Олар рухани өмірдің көзі» [2,63].

Қазақ менталитетінде жерге байланысты көптеген тыйымдардың бар екендігін жоғарыда айттық. Бұл тыйымдардың дәстүрлі менталитеттегі басты ерекшелігі адамдардың жерге деген қатынасын реттеп отыруының басты тетігі болуы. Жерге деген адамдардың қатынасын тыйымдар арқылы реттеу дәстүр, салт, тәрбие арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырды. Қазір адам мен жер арасындағы қатынастарды реттеудің салт-дәстүрлік императиві жойылған, санадан өшірілген. Оның орнын әлеуметтік-экономикалық, экологиялық заңдар басқан. Ең қызығы, қазақ менталитетіндегі дәстүрлік тыйым мен экологиялық тыйымдардың пәрменділігін салыстыратын болсақ, біріншісі екіншісіне қарағанда әлдеқайда тиімді де, басым екенін өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан, халық санасында сақталған дәстүрлі тыйымдарды білім саласында жаңғырту, оған жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызы зор [1,235-236].

Жалпы алғанда, кез-келген саналы қоғам тыйымсыз өмір сүрмек емес. Өйткені, салт- дәстүр, наным-сенім, моральдық-этикалық және құқықтық қалыптар сияқты тыйым да әрбір әлеуметтік органы реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың орнығуына қызмет етеді. Кез келген қоғамдағы салт-дәстүрдің, кісілік қалыптарының, діннің, заңның, яғни, кең мағынасында мәдениеттің негізі тыйым арқылы қалыптасатын болады. Қазақтың «тыйымсыз елдің жастары – дуана» деген мәтелінің астарында қоғамдық-практикалық тәжірибеден туындаған ой-тұжырымдар жатқаны анық.

Түрлі тарихи дәуірлерде тыйымның адам санасындағы себептік негізі әр түрлі болғанымен, оның қоғамдық-әлеуметтік мән-маңызы белгілі бір дәрежеде бірдей болып келеді. Мәселен, көшпелі халықтың бақанды аттауды зор күнә санайтынын айттық. Оған қосымша көшпелі халық жадында «жерошақтан аттап өтуге болмайды» деген тыйым бар. Қазіргі қала тұрғыны үшін жиі кездесетін тыйымның бір түрі көшедегі бағдаршамның қызыл жарығы жанып тұрғанда жолды кесіп өтуге болмайтындығы боп табылады. Әлбетте, екі дәуірдегі екі тыйымды онтологиялық, не болмаса, ментальдық астары жағынан салыстыруға келмес. Олардың тек бір ортақ принципі тыйымды бұзып, қоғамдық тәртіпті бұзуға қарсылығы болмақшы. Кешегі дәуірде қалыптасқан талай тыйымдардың белгілі бір кезеңде қоғамдық тәртіп ұсынған талап болуы әбден мүмкін. Тек олардың нақты арналымы уақыт өте келе көмескіленіп, ырымдық деңгейге дейін төмендеп қалған. Бұл ретте қазақтың «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген сөзін еске алуымыз керек. Бірақ, қазіргі өркениетті қоғамда шама келгенше осы дәстүрлерді қайыра қалпына келтіріп, ұстану табиғат алдында адамның ауыртпалықты салмағын азайтуға сеп бола алатыны анық. Адам баласы табиғат аясында ақыл-ойлы саналы қоғам құруға талпынған сайын тыйымдар институты күрделене беретінін тарих ғылымдары дәлелдеген. Себебі, адамның әр іс-әрекетінің практикалық маңызы арта түскені де белгілі. Тарихшылар, болмаса мәдениеттанушылар мәдениеттің, өркениеттіліктің алғаш пайда болуын адамның бос уақыты молая бастауынан шығарады. Мысалы, ертедегі адамдар қару-жаракты ойлап таппай тұрып, өзінің азығын аулау үшін едәуір уақытын жұмсаған. Кейіннен уақыт өте келе адамдар садақ сынды алыста тұрып- ақ аңдарды атып алатын қару ойлап тапты. Нәтижесінде адамдардың аң аулауға жұмсалатын уақыты едәуір қысқарды-мыс. Міне, осыдан барып, адамның ойлау жүйесі күрделеніп, ойлауға жұмсайтын уақыты көбейді деген түсінік бар. Әлбетте, адамның табиғат аясынан оқшаулана түсуі оның түрлі құрал-жабдықтарды ойлап тауып, оны пайдаланып, еңбегінің жемісін көруде алға басқан қадамдарына қатысты екені анық. Тек, табиғат аясынан оқшауланған сайын тыйымдарды да көбейтіп отырғанын қазіргі адамзат ұмытып қалғаны анық. Шындығына келсек, көшпелі өркениет өкілдері не болмаса, еуропалықтар «номадтар» деп, «туземдіктер», «аборигендер» деп кемсіте айтатын мәдениет өкілдері осы табу-тыйымдарды ғұмырлық ұстанымы еткен. Осы арада қазақтың отқа қатысты бірнеше тыйымдарын келтіре кетелік. Қазақ «Отты шашпа», «отты баспа», «отқа түкірме», «отты сумен өшірме» деген тәрізді бірнеше тыйымды сонау ежелгі дәуірлерден тұтынған. Бұл мифтің астарын былай қойғанда, таза ментальды, практикалық түсініктен туған ұғым. Себебі, сонау ең ежелгі дәуірлерде оттың адам ұрпағы үшін қадірі аса жоғары болған. Отты шашса, алапат өрт шығатыны, отты басса күйіп қалатыны, отты сөндіріп алса, оны қайыра тұтату едәуір қиындық әкелетіні таза практикалық түсініктер. Бұған мифтік сакральды ұғым- ырымдарды қоссаңыз, ментальдық астардың менталитет деңгейінде түсіндіріле алатынын байқаймыз.

Қазақ менталитетіндегі экологиялық мәселелердің бір парасы мақал-мәтелдер арқылы ашылады. Жалпы алғанда, қазақтың мақал-мәтелдері күнделікті өмірдегі ақиқаттардан бастап, философиялық данышпандыққа дейін аралықты қамтитын үлкен әлем боп саналады. Ұлттық фольклористкада қазақ мақал-мәтелдері ерте бастан кеңінен зерттеліп, сала-сала бойынша жіктеліп, ғылыми айналысқа түсірілген.

Ғылым өресінен де, тұрмыстық тірлік аясынан алған да менталитет ұғымы ауқымы өте кең ұғым. Мұнда ұжымдық сана және жеке сананың өзара байланысы, адамдардың ойлауының түрлері, олардың мына дүниені қабылдау әдістері, құбылыстарды сезінуі мен түсінуі, оларға өз әлінше бейімделуі, қалыптасқан мінез-құлық үлгілерінің ерекшеліктері және осы негізде, адамдардың құндылықтарға деген қатынасы бар екенін айтуға болады. Басқаша айтқанда, менталитетке тән қасиет – тұтастық, синкреттілік. Менталитет - интегралдық ұғым. Ал ментальдыққа келетін болсақ, ол менталитеттің стереотиптер мен архетиптер түріндегі сыртқы көрінісі. Ментальдық болмыстың негізі – бейсаналық. Десек те, онда бейсаналық, алғы саналық және саналылық бір- бірімен өзара байланысып жатады. Бұл мәселеге кезінде З.Фрейд және К.Г.Юнг назар аударған болатын [1,42-43].

Табиғатты таза ақыл тұрғысынан есепке салып, рациональдық, интеллектуалдық тұрғыдан игеру батыс философиясының жемісі болып табылады. Осы рационалдық ой-сана ағымының негізінде адамзат қоғамы пайдаланып келе жатқан күрделі техникалар мен технология пайда болды, индустриалдық қоғам өзінің игіліктерін молайту үшін табиғатты өз мүддесіне бағындырды. Атап айтар болсақ, энергетикалық қуат көздерін алу үшін өзендерді арнасынан шығарды, табиғи энергияның көздерін сарқа пайдаланды, жер қойнауының байлықтарын шамасы

келгенше игерді, адамдардың туа бітті қоршаған ортасын мүлде өзгертті. Бұндай өзгерістердің ғаламдық ауқымы өз кезегінде өндірісті, өнеркәсіпті алға дамытты, табиғат ұсынып отырған қорларды кеңінен пайдалануға жол ашты. Кейбір ғалымдардың есебі бойынша жыл сайын жер қойнауынан 100 млрд. тоннадан астам минералдық шикізат өндіріледі екен [3,58]. Әрине, мұның барлығы айналып келгенде табиғат анаға түсетін үлкен салмақ екені анық.

Ежелгі Шығыс философиясының негіздеріне үнілер болсақ, адам баласы мен табиғат аясы өзара түсіністік пен біртұтастық тұрғысынан қарастырылғанын аңғарамыз. Мұнда адам өзін жаратқан табиғаттан жоғары санамады, ол өзін ғарыш-ғаламның шағын ғана бір бөлігімін деп санайтын ерекше көзқарасты қалыптастырды. Адамзат ұрпағы шамасы келгенше, табиғатқа еш зиян келтірмей, даламен, аспанмен, түнмен, теңіз-көлдермен сырласу, тіл қатысу императивін қалыптастырды. Міне, осындай ментальдық ұстаным, әсіресе, дала перзенттері саналатын көшпелі халықтардың дүниетанымында ерекше терең орнықты. Бұл дүниетанымның түпкі негізінде сандаған дәуірлер, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың салт-дәстүрі мен дәстүрлі мәдениеті, құндылықтарының бай әлемі жатты.

Нақтысын айтқанда, адамзаттық қоғам мен жабайы табиғаттың өзара байланысы нәтижесінде пайда болған қазіргі ғаламшарлық экологиялық мәселелерді шешуде ғылыми-техникалық революцияның негізгі құрылымдық бөлшектері, белгілері болып саналатын («биохимиялық, техникалық, энергетикалық, технологиялық факторлар» [4,261]) осынау экология мәселесін мүлдем шеше алмады. Қалай болғанда да, экология мәселесін барынша оңтайлы шешуде ғылым мен техниканың барлық жетістіктері мен адамзат ұрпағының қаншама ғасырлық қателіктерінен сабақ алып, тәжірибелерін дұрыс пайдаланудың маңызы ерекше екені анық. Қазіргі таңдағы ғаламшарлық экология мәселесін ғылыми тұрғыдан шешуге ат салысқан ғалымның бірі В.И. Вернадский болатын. Оның өткен ғасырдың орта тұсындағы биосферадан ноосфераға көшу туралы ілімі сол дәуірде жаппай туындай бастаған экологиялық мәселелерді ғылыми тұрғыдан қалай реттеп шешу керек екендігінің бірқатар жолдарын көрсетіп берді. Тіпті, кейбір ғалымдар ХХІ ғасырды «ноосфера өркениеті» [5,7] деп белгілеп те үлгірді.

Бұл туралы белгілі ғалым Т.Бурбаев мынадай пікір айтады: «Біз, мұндай анықтама беруден аулақпыз. Дегенмен де, В.И. Вернадскийдің «ноосфера» ілімінде экологиялық мәселелерді шешудің өзіндік жолдары бар екені сөзсіз. Ол ноосфераны биосфераның жоғарғы сатысы ретінде қарай отырып, оны адамзат баласы дамуының заңды құбылысы деп таниды. Оның ойынша, жер бетіндегі табиғи процестерді түсінуде адамның санасы, ойы және ғылымның рөлі зор» [1,247]. «Адам көз алдымызда жойқын геологиялық күшке айналуға. Биосфераның геологиялық тарихында адамды үлкен болашақ күтуде, егерде ол осыны түсініп, өзінің ақылы мен еңбегін өзін-өзі құртуға жұмсамаса» [6,117] дейді.

Адамзат ұрпағының табиғат алдындағы ауыр қылмысын ашып жазған алғашқы ғалымдардың бірі ретінде В.И. Вернадскийдің экология мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешуге ұсынған бағытының түпкі негізінде жекелеген адамның, қоғамның, топтардың шығармашылық белсенділігі басты күш деп қарастырылған болатын. Ол белсенділік адамның, қоғамның ғылыми білімі негізінде биосфера мен ноосфераның өзара қатынасын ашып тануға бағытталды. Қазіргі таңда мұндай парадигмалық ұстаным ғылыми айналыстағы «этосфера» ұғымымен толықтырылуы қажет сынды. «Этосфера» ұғымын алғашқы ғылыми айналысқа енгізген М.Зибкер болды. Оның түсіндіруі бойынша «этосфера» - мәдениет, салт-дәстүр, құндылықтар әлемімен тығыз байланысты. Әлеуметтік мәдени негіздер адамзат баласының табиғатқа деген қатынасын айқындаушы негізгі күш болу керек деген ой айтады [7,159]. Әлбетте, «біз де мүлдем ойды қолдаймыз. Себебі бүгінгі экологиялық мәселелер тек бір ғана ғылыми жолмен шешілмейтіні белгілі. Ғылыми-техникалық прогресс дамып, оның нәтижесі қоғам өмірінде кеңінен пайдаланған сайын адамзат баласы экологиялық апатты жақындата түсуде. Сондықтан да, экологиялық мәселелерді шешудің ментальдық астарына үңілудің маңызы зор. Бұл жолдағы біздің мақсатымыз, экологиялық мәселелерді шешудегі қазақ менталитетінің ролі, бүгінгі экология мәселелеріне ұлт менталитеті жағдайының тұрғысынан қарау. Осы тұрғыдан келгенде, бұл мәселе әлеуметтік-философияда өз шешімін дұрыс таппай келеді деп ойлаймыз» [1,248].

Бүгінгі заманғы экологиялық мәселелерді жекелеген ұлт менталитеті тұрғысынан шешу барысы біздің еліміздегі мысалда тікелей нарықтық құндылықтардың негізінде жүруде. Бұл үдерістің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде эгоистік, корпоративтік, меркантильдік, тұтынушылық ұстанымдар мен көзқарастарды, мінез-құлықтарды мысал ретінде алып қарауға болады. Осы

айтылған ұстанымдар еліміздің табиғи байлығын игеруде, ауыл шаруашылығына тиесілі жер қорларын, орман шаруашылығын пайдалануда, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қатынастарда өзінің ерекше көріністерін тауып отыр. Көп жағдайда экономика мәселелерін экологияның есебінен шешу кең тараған әдетке айналуға бұлақтанды. Бұл дегеніміз, ел экономикасының экологиялық жанашырлыққа негізделген бағытының әлі толық қалыптасып үлгімегендігін, заңнамалық тұрғыдан осынау қатынастарды ретке келтіріп, қадағалап отыратын құқықтық негіздердің әлсіздігін көрсетеді. Қазір еліміздегі көптеген елді мекендердің тұсындағы орман-тоғайлардың тұрғындар үшін отын ретінде оталып кетуі мәселесі туындап отыр. Жасыл жамылғының селдіреп қалуы арқылы қазақ даласындағы шағын өзендердің тартылып қалу оқиғасы жиілеуде. Мәселен, осы жайттардың құқықтық тұрғыда шешілуі өте күрделі бюрократтық тосқауылдарға жиі кездеседі. Мысал ретінде аймақтық жергілікті орман шаруашылығы мекемелерінің селдіреп қалған орман-тоғайларға шыбық отырғызып баптап, өсіруі үшін жерге деген меншіктік мәселелерді шешуге дәрменсіздігін айта аламыз. Елді мекендер маңындағы орман-тоғайлы жерлер сол ауылдық округтің меншігінде болғандығынан ғана орман шаруашылығы мекемелері бұл аймақтарда шаруашылық ұйымдастыру құқығынан айырылған.

Посткеңестік кеңістікте қайта құру арқылы дамыған біздің елімізде түрлі өзгерістер қазақ ментальдық санасында бірқатар өзгерістерге әкелді. Өтпелі кезеңде ұрпақ ауысуымен бірге кеңестік дәуірдегі құндылықтарға басқаша қарау керек болды. Мәселен, қазақ халқының кеңестік дәуірде ұмыт болып қалған салт-дәстүрлері қайыра жаңғыра бастады. Ел экономикалық жағынан аса ауқатты болмаса да, рухани жағынан тоқшылық кезеңге бет алды. Осы кезеңдерде елімізде Наурыз мерекесі кеңінен аталып өте бастады. Жер-жерлерде кешегі қазақ тарихындағы атақты батыр-билерге, данышпан арыстарға ас беріліп, ескерткіштер орнатыла бастады. Бұл халықтың кеңес идеологиясы арқылы тұншыққан сағынышын ояту шаралары еді. Қазақтың жеке тұлғаға арналған салт-дәстүр көріністері, ырым-жоралғылары қайыра символикалық түрде болса да атап өтіле бастады. Негізінен алғанда, осыншама мол ментальдық астарлы жоралғылар қазақтың бай фольклорлық мұрасында жиынтықталған болатын. Кез келген елдің фольклоры тек ауыз әдебиетінің мирас қып қалдырған мұрасы емес, ол өз кезегінде ұлттың менталитетінің архетиптері мен стереотиптерінің алтын көмбесі деуге болады. Салт-дәстүр көріністері дегенде қазақтың жас ұрпақты бала жастан тәрбиелеуге, онда да табиғатты аялап, түсінуге арналған фольклорлық мұрасы өте бай.

Нарықтық қатынастар орнаған дәуірде елдің алғашқы жаңаша қалыпта үйренуі керектігі меншік түрлерінің ауысуы еді. Сол тұста ел сенген жерге деген жеке меншік, экологиялық мәселені түбегейлі шешеді деген түсінік жалған болып шықты. Бұл сенімнің ақталмауындағы басты негізгі себеп, жер иелерінің бойындағы табиғатты қастерлеуге деген экологиялық менталитеттің қалыптаспағаны боп табылады. Оның үстіне, біздің елімізде, тек біздің елде ғана емес, посткеңестік кеңістіктегі көптеген елдерде мемлекет тарапынан экологиялық мәселелерді нақтылап шешуге бағытталған экономикалық және қаржылық ынталандырудың әлсіздігі де өзінің кері әсерін тигізуде. Мәселен, елімізде экологиялық жобаларға жеңілдікпен несие бөлу, табиғат байлығымен тікелей қарым-қатынасқа түсетін субъектілерге экологиялық несие беру, экология мәселесін шешуге жұмсалатын салықты жалпы салықтан шегеріп, оның өзге мақсаттарға емес тек экология мәселесін шешуге ғана жұмсалудың үкіметтік деңгейде тұрақты қадағалау, жалпы экологиялық мәдениет пен білімді, сана мен ойды дамыту мемлекеттік идеология негізі ретінде қарастырылмай отыр. Осылардың барлығы, айналып келгенде, ел ішіндегі экологиялық менталитетті кешеуілдетпей қалыптастыруға кері әсерін тигізетін факторлар. Сондықтан да, қоғамның әр мүшесінің бойында экологиялық менталитетті толық қалыптастырмай экология мәселелерін шешу мүмкін емес.

Қазақ халқы, қазақ халқының тарихи ата-бабалары саналатын көшпелі тайпалар мен мемлекет негізін құраған ұлт-ұлыстар ежелден табиғатқа етене жақын өскен халықтар боп саналады. Жалпы алғанда табиғат сұлулығымен қауышу, даламен сырласу, табиғаттың адам түсінбес тылсым күштеріне адамдық тұрғыдан сипат беру қазақ халқы менталитетінің басты көрсеткіштерінің бірі. Соған сайғанда, табиғатқа деген қарым-қатынастардың салт-дәстүрлік, мәдени-тәрбиелік негізде әрдайым реттеліп отырылуы, бүгінгі заманғы экологиялық менталитетті қалыптастыруға негіз бола алады. Қазақ халқының аса терең, біртұтас, синкретті менталитетінің табиғатқа байланысты қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарын білімнің, ғылымның, мәдениет пен тәрбие саласында түбегейлі жандандырмай, оларды қазіргі қоғамдық ойдың негізгі алтын өзегіне айналдырмай

бүгінгі қоғам мүшелері бойында экологиялық менталитетті тек экономикалық, саяси және идеологиялық қағидалар арқылы, нарықтық құндылықтарды уағыздау арқылы қалыптастыру мүлде мүмкін емес.

Бір сөзбен айтқанда, қазіргі қоғамда етек алып отырған экологиялық мәселелер тек дұрыс заңдар мен үкіметтің қаулыларын қабылдау арқылы шешілмейтіні белгілі. Қаншама уақыт бойы қордаланып калған экологиялық мәселелерді оңтайландырып шешудің бірден-бір жолы ұлттық экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын жасау. Бұл үшін кешегі кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйеден қалған, әлі де өз күшін көрсетіп отырған табиғатқа деген агрессивтік тұтынушылық көзқарастар мен психологиялық, жадынамалық стереотиптерден қоғамның барша мүшелерінің санасын, ойын тазартып, заманның талабына сай мүлде жаңа, бөтен ойдан ада экологиялық парадигмаларды қалыптастыру қажеттігі өзінен өзі туындайды. Біздің ойымызша, мұндай парадигмалар табиғатқа деген шынайы жанашырлық, өзара сыйластық, төзімділік, обал, адал, сауап, тәуба сынды рухани құндылықтардың негізінде қалыптасуы керек. Осындай экологиялық императивтерді рухани ұстанымның негізі ретінде қарау адам мен табиғат арасындағы байланысты жақсарта түседі. Адамдардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастырып, олардың табиғат алдында жауапкершілігін арттырады [1,249].

Қазақ даласындағы техногендік өзгерістер мен жер қыртысын қопарып, қазына байлықтарды игеру өткен ғасырларда қазақ даласына алыс-жақын шетелдерден ағылған қазба байлығын өндіруші кәсіпкерлерден бастау алады. Ресей мен Англияның отарлау саясаты негізінде осы елдердің көпестері мен түсті металл өндірушілері қазақ даласындағы қазба байлық орындарын кеңінен зерттеп, таза отаршылдық, тұтынушылық сипатта әрекеттер ұйымдастырған.

Қазақ даласындағы қазба байлықтар туралы, оның ішінде әсіресе, Жезқазған өңірінің қазына байлығы туралы алғашқы ізденістерінің тұжырымдамасын Ресей отаршыларының 1627 жылдары шығарылған «Книга Большому чертежу» атты кітабынан таба аламыз. Мұнда «пайдалы қазындылардың Елек өзені Индер көліндегі тұз, Ұлытау манайындағы қалайы кені, Жыланшық өзенінің бойында кездесетін сары, қызыл бояулар туралы мәліметтер бар» [8,9] деп жазылған. Бұдан кейінгі ғасырларда қазақ даласына келген саяхатшы-кезбелер, зерттеуші, географтар, жер шолушылар түрлі деректерді молынан келтірген. Петр I заманында тіпті арнайы жарлық шығарылып, «Егер де кімде-кім алтын немесе күміс кен орындарын естіп, оны жасырып қалса, ол адам Москвада кен орындары туралы Жарлыққа сәйкес жазаланады» [9,37] деп, нақтылаған. 1719 жылдың 16 желтоқсанында патшалық Ресейде «Берг-привилегия» атты заң актісі де қабылданып, ерікті кен іздеушілерге ұлан-ғайыр Евразия даласын шарлап, кен іздеуге мол мүмкіндік берілді. Патша үкіметі заң актілері, жарлықтар арқылы міндеттеп, көтермелеп отырған кен іздеу жұмыстары қазақ даласын отарлау саясатының басты бағыттарының бірі болып анықталған. Бұл арқылы тіпті, қазақ даласына жіберілген әскери экспедициялардың өзі барлау, шолу жұмыстарымен тікелей айналысқан. Экспедиция құрамында жер шолушы ғалымдарға дейін болған. 1771 жылы Ор бекінісінен шыққан генерал фон Траунбергтің жазалаушы экспедициясының құрамында белгілі саяхатшы-ғалым Н.Рычков болған. Рычков өзінің «Күнделік жазбаларында» жазалаушы экспедицияның мамыр айының басында Ұлытау, Жезқазған өңіріне келіп тоқтағанын, осы сапарда өзінің осы өңірдегі ежелгі кен өңдеу орындарын көргенін жазады. «Ұлытау қойнауынан басталатын әйгілі өзендер: Ұлықарағай, Жыланшық, Кеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір бойында ертедегі адамдардың қазған кендерінен алтын мен күмістің белгілері табылды» деп жазады Рычков.

Кейінгі жүзжылдықтарда патшалық Ресейдің Ұлытау, Жезқазған өңірін зерттеу жұмыстарын жекелеген бай көпестердің Арқа төсінен фабрика-зауыттар ашып, кеніштерді пайдалана бастауын жалғастырды. Мәселен, XIX ғасырдың 40-жылдарында көпес Н.Ушаков Орта Азия елдері мен Қазақстанмен тығыз байланыс орнатып алды. Ушаков қазақ даласынан арзан тауарға мал алып, оны ішкі Ресей базарларына өткізіп, мол капитал жинап алды. Жезқазған өңіріне сауда-саттық жасап келіп жүрген Ушаков бұл өлкені қазына-байлығы мол екенін аңғарады. Ол дәуірде мыстың бір пұтының бағасы 12-13 сом тұратын. 1846 жылдың 29 сәуірінде Н.Ушаков Алтай зауыттарының бастығынан батыс Сібір губерниясына қарасты қазақ даласында барлау жүргізіп, кен орындарын ашуға рұқсатнама қағаз алады [10,9].

Бұл мысалдарды келтіре отырып, біз өткен ғасырларда бастау алған қазақ даласындағы қазба байлықтарды шетелдіктердің игеруі әлі күнге дейін жалғасып келе жатқандығын еске аламыз. Әлбетте, үлкен геологиялық күшке айналып, жер қойнауын бұрғылап, үңгіп қазып, керегін алып,

кебегін тастап отырған шикізат өндірушілер алманың өзегіне түскен құрт сынды. Қазіргі қазақ даласындағы үлкен қалалардың дені кеңестік дәуірде жұмысшылар поселкелері ретінде салынып, өнеркәсіп ошақтарында жұмыс істейтін адамдардың тұрағы болған. Қазір үлкен мегаполистерге айналып отырған кешегі жұмысшы қалалар шын мәнінде, аймақтары үшін экологиялық проблемалар бастауы болып отыр. Мәселен, Қазақстанның орталығында орналасқан Қарағанды, Жезқазған, Балқаш, Теміртау сынды үлкен өндірістік қалалардың барлығы әу баста жұмысшылар мекені ретінде салынған. Осы қалаларға жапсар орналасқан зауыттар қазір аймақ халқының денсаулығына тікелей әсерін тигізіп отыр. Оның сыртында, Теміртау қаласында елу жыл бойы жұмыс істеп келген «Карбид» акционерлік қоғамының зауыты Нұра өзені арнасын мыңдаған тонна улы сынапқа толтырғаны, Балқаш мыс зауытының түтіні арқасында аймақта онкологиялық науқастар көбейгені, Балқаш көлінің деңгейінің жыл санап төмендеп бара жатқаны республикалық басылымдарда, жергілікті басылымдарда тұрақты жарияланып, жазылып келеді. Бұл тарапта салалық ғылымдардың ізденістері де бірқатар нәтижелер беріп отыр.

Осы жайларды айта келе, қазіргі қоғамның экологиялық мәдениеті мен экологиялық санасына мән беретін болсақ, оның жағдайының өте мүшкіл екені анық байқалады. Жаңа экономикалық қатынастар жүйесі экологиялық менталитетті қалыптастырмай отыр. «Біз табиғаттан қайыр күтпейміз, біздің міндетіміз табиғаттан алу» стереотипі әлі де болса адамдар санасында сақталуда. «Өндіріс - өндіріс үшін», «экономикалық өсім - ең басты мақсат» экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші болып қалуда. Күнкөрістің қамын күйттеп жүргендер үшін экология мәселесі екінші орынға ысырылған. Осы жайларды екшей келе, бүгінгі таңдағы экологиялық саясаттың өз дамуында тығырыққа тірелу себептерін ғылым көп жағдайда технологиялық, экономикалық, тарихи себептерден іздеп келеді. Жалпы, бұл дағдарыстың түпкілікті базистік себептері ретінде әміршіл-әкімшіл жүйедегі орын алған шаруашылықты басқару тетіктері де кінәлі деп танылуда. Алайда, экологиялық саясаттың дағдарысқа ұшырау себептерін қазіргі қоғамдық ортаны кеулеген рухани тоқыраудан, ментальдық ластану үрдісінен әсте іздемейміз. Кезінде, белгілі философ Мераб Мамардашвили экологиялық апаттың алдын рухани апат жайлайды деп айтқан екен. Шындығында бүгінгі қоғамдағы экологиялық апаттардың бір себепін осы рухани саладан іздеген дұрыс қой деп ойлаймыз. Демек, экологиялық апаттың алдын алудың негізін технологиялық детерменизм жүйесінен емес, рухани ментальдық жүйеден іздеген дұрыс. «Ментальдық ластану» бүгінгі экологиялық апаттың негізі.

Көшпенділік мәдениет ортасында тарихы жасалып, ұлт ретінде қалыптасқан қазақ халқының өзі пайдаланатын ортаға, табиғатқа деген қарым-қатынасының үлгісі бүгінгі ғаламдық ауқымда туындап отырған экологиялық мәселелерді шешудің ментальдық негізі деп айтуға толығымен болады.

Бүгінгі қалыптасқан қоғамдағы Адам мен Табиғат арасындағы үйлесімділікке бастайтын қарым- қатынастар, табиғи ортамен өзара жақындастық, табиғатқа деген жанашырлық, сүйіспеншілік, табиғатпен өзін біртұтас сезіну қазақ менталитетінің негізгі архетиптері боп саналған. Адамның, оның ішінде көшпелі адамның өзін табиғатқа мүлде қарсы қоймау, керісінше, табиғатпен тіл табысу, онымен тұрақты түрде сырласып отыру біздің ұлтымыздың ментальдық болмысының негізі екені сөзсіз. Қазіргі таңда бұл ментальдық феномен жоғалған. Оны мейлінше жылдам арада жаңғырту, қоғамның басты сұранысына, күн тәртібіндегі басты мәселесіне айналдыру бүгінгі аса ауқымды экологиялық апатты мәселелерді шешуде өзіндік септігін тигізетіні анық.

Сонымен, қазақтың ұлттық менталитетіндегі экологиялық мәселелердің ментальды астары қазіргі қоғамдағы ахуалға ем ретінде, жауап ретінде өзінің маңызы зор екенін аңғартады. Жалпы алғанда, табиғатты жекелей және жалпы түрде қастер тұтқан қазақ халқының бірқатар өкілдері осы заманғы ахуалдардың туындауын о баста біліп, болжап, сол үшін де табиғатпен іштесіп, біте қайнасып, біртұтас өмір сүрген деуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. Монография. - Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚазМАТУ, 2005.-257б.
2. Нұрланова К. Земля духовная опора народа // Мысль. -2000. №5 – 63 с.
3. Джанпейсова Н.Н., Фазылова Г.Ф. О демократическом портрете планеты // Учение В.И.Вернадского и современная экологическая ситуация (к 130-летию со дня рождения). -Акмола-Боровое, 1993. – 58с.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы

4. Зорин В.И. Философские и социальные проблемы сельскохозяйственной деятельности. -Акмола, 1994. – 261 с.
5. Зорин В.И., Мауль Я.Я. Ноосферная цивилизация: некоторые тенденции становления // Учение В.И.Вернадского и современная экологическая ситуация (к 130-летию со дня рождения). -Акмола-Боровое, 1993. – 7 с.
6. Вернадский В.И. Химическое строение биосферы Земли и ее окружения. -М.:Наука, 1965. – 117 с.
7. Сидорова И.В. Этосфера как регулятивный элемент развития научного знания в современном мире // Учение В.И.Вернадского и современная экологическая ситуация (к 130-летию со дня рождения). -Акмола-Боровое, 1993. – 159 с.
8. Әзиев Ә. Қазыналы Сарыарқа. -Алматы: Ғылым, 1978.-250 б.
9. Дильмухамедов Е. Из истории горной промышленности Казахстана. -Алматы, 1976. – 37 с.
10. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві // 209 қор, 1 тізім, 487 іс, 9 парақ.
Редакцияға 11.08.2010 қабылданды.